

**"Өнімділік 2020" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 254 қаулысына өзгерістер енгізу
туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 440 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23
маусымдағы № 370 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2016 № 370 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Өнімділік 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 254 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 27, 314-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 және «Қазақстан Республикасын индустриялық- инновациялық дамытудың 2015 — 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді»;

2) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігіне жүктелсін.»;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген «Өнімділік 2020» бағдарламасы осы

қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі **К.Мәсімов**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 17 маусымдағы
№ 440 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
2011 жылғы 14 наурыздағы
№ 254 қаулысымен
бекітілген

«Өнімділік 2020» бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	«Өнімділік 2020» бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	«Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» 2012 жылғы қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 20 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 және «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 1 тамыздағы № 87 жарлықтары
Бағдарламаны әзірлеу мен іске асыруға жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Бағдарламаның мақсаты	Экономиканың басым секторларында еңбек өнімділігін ұлғайту арқылы өнеркәсіп кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру
Бағдарламаның міндеттері	Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту (техникалық қайта жаратандыру) және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру. Кәсіпкерлік субъектілерін сервистік қолдау. Кластерлік бастамалардың дамуын қолдау.
Іске асыру мерзімдері	2011 – 2020 жылдар 1-кезең – 2011 – 2014 жылдар, 2011 – пилоттық 2-кезең – 2015 – 2020 жылдар.
	Бағдарламада қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында мынадай нысаналы индикаторларға қол жеткізіледі: 2015 жылғы дейін ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алған өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының

	еңбек өнімділігін кемінде 1,5 есеге ұлғайт ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алған кәсіпорындар қуатының орташ жүктелуін 70 %-ға дейін ұлғайт
	2018 жылға дейі
Нысаналы индикаторлар	Бағдарлама шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алған кәсіпорындар, еңбек өнімділігін кемінде 1,5 есеге ұлғайт жылына орташа есеппен алғанда кемінде 10 кәсіпорынға инвестициялық жобаны кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау; жылына орташа есеппен алғанд кемінде 10 кәсіпорынның құзыретін арттыр жылына орташа есеппен алғанда кемінде 3 кәсіпорынның технологиялық процестер ж е т і л д і р у ;
	жылына орташа есеппен алғанда кемінде 3 кәсіпорынның өндірісті ұйымдастыр тиімділігін арттыр
	3 аумақтық кластер құру және оларға мемлекеттік қолдау көрсет 2020 жылға дейі
	Бағдарлама шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алған кәсіпорындар, еңбек өнімділігін кемінде 1,5 есеге ұлғайт жылына орташа есеппен алғанда кемінде 10 кәсіпорынға инвестициялық жобаны кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сарапта жылына орташа есеппен алғанда кемінде 10 кәсіпорынның құзыретін арттыр жылына орташа есеппен алғанда кемінде 3 кәсіпорынның технологиялық процестер ж е т і л д і р у ;
	жылына орташа есеппен алғанда кемінде 3 кәсіпорынның өндірісті ұйымдастыр тиімділігін арттыр
	3 аумақтық кластер құру және оларға мемлекеттік қолдау көрсету
Қаржыландыру көздері	Республикалық бюджетте 2011 жылы 15 764 910 мың теңге, 2012 жылы – 10 133 367 м теңге, 2013 жылы – 134 050 мың теңге, 2014 жылы – 126 670 мың теңге, 2015 жылы – 6 311 мың теңге, 2016 жылы – 697 311 мың теңге, 2017 жылы – 697 311 мың теңге, 2018 жылы – 697 311 мың теңге, 2019 жылы – 697 311 мың теңге, 2020 жылы – 697 311 мың теңге к о з д е л г е :
	Келесі жылдардың республикалық бюджетінен қаржыландыру көлемі жоспарланаты кезеңге арналған тиісті бюджеттерді қалыптастыру кезінде нақтыланады.

2 . К і р і с п е

«Өнімділік 2020» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа он жылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын, Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 23-ші жалпы отырысының 2010 жылғы 4 маусымдағы № 01-8.1 хаттамасын іске асыру шеңберінде әзірленген.

Бағдарлама Дүниежүзілік банктің әдістемелік қолдауымен әзірленді және Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру құралдарының бірі болып табылады.

Экономиканың жалпы өнімділігі оның айтарлықтай деңгейде бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын фактор болып табылады. Ғылымды көп қажетсінетін

өнімді шығаратын өңдеуші салалар кәсіпорындары үлесінің ұлғаюы экономикадағы еңбек өнімділігінің деңгейін едәуір арттырады. Сондықтан да мемлекетке оның өнімділігін арттыруды ынталандыру, инновациялық әзірлемелерді енгізу, қазіргі заманғы басқару технологияларын енгізу және жалпы кәсіпорындардың негізгі қорларын жаңғырту өте маңызды. Бірінші кезеңнің негізгі міндеті бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру, еңбек өнімділігін арттыру мақсатында жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту (техникалық қайта жарақтандыру) және қазіргі заманғы басқару технологияларын енгізу болып табылады. Кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және кластерлік бастамалардың дамуын қолдау бірінші кезектегі міндет болып табылады.

Бұл ретте, еңбек тиімділігіне бизнестің инновациялық белсенділігі, күшті бренд, персоналдың біліктілігі, өткізу нарығының тартымдылығына қол жеткізу, бәсекелі ортаның сапасы, өнімдерді немесе қызметтерді шебер жылжыту және сату қабілеттілігі де әсер етеді. Бұдан басқа, қазіргі заманғы басқару технологияларын енгізу мәселелерінде менеджменттің рөлі басты болып табылады.

Қалыптасқан жағдайды есепке ала отырып, тиісті Бағдарламаны әзірлеу арқылы қазіргі заманғы басқару және энергия үнемдеуші технологияларды енгізудің, кәсіпорындарды жаңғыртудың және жаңа бәсекеге қабілетті өндірістер құрудың жүйелі шараларын қабылдау қажет.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде:

1) мемлекет индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган, Бағдарлама операторлары және құралдар арқылы мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды;

2) қажет болғанда Бағдарламаны іске асыру шеңберіндегі құжаттарды мүдделі орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен келісуді Бағдарлама операторы «бір терезе» қағидаты бойынша орындайтын болады.

Бағдарлама шеңберінде бір өтінім берушіге қатысты Бағдарлама құралдарын кешенді ұсынуға жол беріледі.

Бағдарламада пайдаланылатын ұғымдар:

1) Бағдарлама операторы – «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік қоғамы;

2) құрал операторы – мемлекеттік қолдау шараларын ұсынатын, жарғылық капиталына мемлекет 100 пайыз қатысатын заңды тұлға және/немесе ұлттық даму институтының, ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары;

3) өтінім беруші – Бағдарлама шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын алуға өтінім берген кәсіпкерлік субъектісі;

4) инвестициялық жобаның кешенді жоспары – қажетті экономикалық,

техникалық, басқарушылық және өзге құжаттамалар топтамасы;

5) орындаушы – еңбек өнімділігін арттыру, сондай-ақ аумақтық кластерлерді дамыту мақсатында өтінім беруші тартатын заңды немесе жеке тұлға;

6) қаржылай қолдамайтын оператор – «Сыртқы консультанттарды тарту арқылы озық кәсіпорындардың консультациялық жобаларын бірлесіп қаржыландыру (Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі бағдарламасы)», «Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту» құрауыштарын қоспағанда, Бағдарламаның төртінші бағыты шеңберінде Кәсіпкерлерге мемлекеттік қаржылық емес қолдауды жүзеге асыратын Ұлттық кәсіпкерлер п а л а т а с ы ;

7) кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі – КҚО) – бұл «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының өңірлік филиалдары жанынан құрылған және/немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлер палатасы, жергілікті бюджетте қаражат болған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар жанынан құрылатын жеке кәсіпкерлік субъектілеріне және кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге арналған инфрақұрылымдық кешен;

8) топ-менеджер – заңды тұлғаның басшысы немесе оның атқарушы органының мүшесі немесе өндірісті немесе оның жекелеген кезеңдерін ұйымдастыруға жауапты тұлға (жоба менеджері, өндіріс жөніндегі басқарушы директор және т.б.).

3. Ағымдағы жағдайды талдау

1. Ағымдағы жағдайды бағалау, сондай-ақ оның елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына ықпалы.

2010 жылы Қазақстанның өнеркәсібі тұрақты өсу қарқынын көрсетеді. 2010 жылдың 1-жартыжылдығында жалпы ішкі өнім (бұдан әрі – ЖІӨ) көлемі 8 733 001, 3 млн. теңгені құрады және алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты мәнде 8,0 %-ға өсті. 2010 жылдың 1-жартыжылдығында ЖІӨ-дегі тауарлар өндірісі мен көрсетілетін қызметтер өндірісінің үлесі, тиісінше, 40,5 %-ды және 56,8 %-ды құрады. ЖІӨ өндірісіндегі негізгі үлесті — 32,0 %-ды өнеркәсіп құрайды.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2010 жылғы қаңтар-тамыздағы қолданыстағы бағалар бойынша 7 467,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2009 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 10,9 %-ға көп. Тау-кен өндірісі өнеркәсібінде өндіріс 5,8 %-ға, өңдеуші өнеркәсіпте 19,1 %-ға, электрмен жабдықтау, газ беру, бу және ауа желдеткіші 7,6 %-ға өсті. Тамақ өнімдері мен мұнайды қайта өңдеу, тоқыма бұйымдары, құрылыс материалдары, металлургия, химия өнеркәсібінің өнімдері мен машина жасау өндірісі артты. Өндірістің өсуі республиканың 15 өңірінде байқалады.

Республиканың экспорт көлемі құндық мәнде 2005 – 2009 жылдар аралығында 55,1 %-ға 27,9-дан 43,2 млрд. Америка Құрама Штаттары (бұдан әрі – АҚШ) долларына дейін өсті, сонымен қатар 2008 жылмен салыстырғанда, экспорт көлемі 2009 жылы 39,3 %-ға, тиісінше, 71,2-ден 43,2 млрд. АҚШ долларына дейін қысқарды. Құндық мәнде экспорт көлемінің төмендеуі ең алдымен, әлемдік нарықта тұтынушылар сұраныстарының төмендеуімен және елдің негізгі экспорттық баптары болып табылатын негізгі энергия тасымалдаушылар мен шикізат ресурстарына бағаның төмендеуімен байланысты болды.

Бүгінде шамамен 1000-ға жуық қазақстандық компания экспорттық операцияларды жүзеге асырады, олардың 750-ге жуығы өңделген өнімді экспорттайды. Қазақстандық өнімдердің негізгі сатып алушылары Қытай (республиканың барлық экспортының 15,7 %), Италия (15,7%), Франция (9,2%), Ресей (9,1 %) болып табылады.

Өңдеу өнеркәсібі экспортының үлесі 26,8 %-ды құрайды, оның ең көп 14,9 % -дық үлес салмағын металлургиялық өнімдер экспорты құрайды. Негізгі экспорттық тауар топтарына минералдық шикізаттар мен одан жасалған өнімдер, металдар мен одан жасалған бұйымдар, химия саласының, мал шаруашылығының және өсімдік шаруашылығының өнімдері жатады. 2005 – 2009 жылдар ішінде қосылған құны жоғары өңделген экспорттың басты баптары – машина мен жабдықтар, дайын азық-түлік тауарлары бар-жоғы 2,6-3,5 % немесе 0,7-2,5 млрд. АҚШ долларын құрайды. Шикі мұнай мен табиғи газ өнеркәсіп өнімдері экспортының тауарлық құрылымында айрықша үлес (64,8 %) алады.

2. Күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау.

Бүгінгі күні Қазақстандағы еңбек өнімділігі төменгі деңгейде қалып отыр. Орта есеппен бір адамға шаққанда ол 30-40 мың АҚШ долларын құрайды, бұл ретте дамыған елдерде бұл көрсеткіш 200 мың АҚШ долларына тең. Мәселен, Қазақстанда ең төменгі еңбек өнімділігі ауыл шаруашылығында байқалады – жылына жұмыс істейтін бір адамға 3 мың АҚШ долларына жуық, ал дамыған елдерде – 50-70 мың АҚШ доллары.

Қазақстанның машина жасауында бұл көрсеткіш 10-17 мың АҚШ долларын құрайды, шетелдік бәсекелестерде – 90 мың АҚШ доллары. Бұл артта қалушылық бірқатар факторлармен түсіндіріледі, солардың бірі: ағымдағы қуаттарының толық жүктелмеуі, негізгі қорлардың жоғары тозуымен және менеджменттің қазіргі заманғы технологияларды енгізе және қолдана алмауы болып табылатын.

Объективті талдау үшін Бағдарламаның күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ бар мүмкіндіктер мен қауіптерді нақты айқындау қажет.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
---------------	---------------

<p>1. Экономиканың басым секторларында еңбек өнімділігін ұлғайту үшін нормативтік құқықтық негіздің болуы.</p> <p>2. Экономиканың басым секторларында еңбек өнімділігін ұлғайту бойынша жоғары әлеуеттің болуы.</p> <p>3. Еңбек өнімділігін ұлғайтудың экономикалық рентабельділігі.</p> <p>4. Жұмыстың салааралық бағыттылығы.</p> <p>5. Кадрлық әлеуеттің болуы.</p> <p>6. Кәсіпорындарды технологиялық жаңғыртуға жәрдем көрсету.</p> <p>7. Озық басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізуге жәрдем көрсету.</p> <p>8. Аумақтық кластерлерді дамытуға жәрдем көрсету.</p>	<p>1. Қаржы нарығының жеткіліксіз даму деңгейі және қарыз алудың жоғары құны.</p> <p>2. Индустриялық инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы.</p> <p>3. Өңдеу өнеркәсібі салаларының көпшілік кәсіпорындарының негізгі қорларының тозуы (60 %-дан астам).</p> <p>4. Өнімнің ресурс сыйымдылығы, энергия сыйымдылығы.</p> <p>5. Шикізат салалары өнеркәсібінің құрылымындағы үстемділік тікелей инвестициялардың, басым түрде шетелдік, көбінесе тау-кен өнеркәсібіне ағылуы.</p> <p>6. Талап етілетін біліктілік деңгейіндегі адами ресурстардың төмен қолжетімділігі.</p>
<p>Мүмкіндіктер</p>	<p>Қауіптер</p>
<p>1. Ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру.</p> <p>2. Озық өндірістік және басқарушылық технологияларды енгізу, кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасын күшейту.</p> <p>3. Жаңа өнім түрлерін жасау.</p> <p>4. Қосымша жұмыс орындарын құру.</p> <p>5. Жаңа нарықтарға шығу.</p> <p>6. Өндірістерді үздіксіз оңтайландыру.</p> <p>7. Кадрларды даярлау және қайта даярлау.</p> <p>8. Технологиялық тізбектерді жасау және жергілікті ету, кооперациялау, интеграцияны дамыту және инновациялық дамуды жеделдету.</p> <p>9. Елде еңбек өнімділігін ұлғайту мәселесін насихаттау және дәріптеу.</p>	<p>1. Жаһандық және аумақтық дағдарыстық құбылыстардың ел экономикасы мен өнеркәсібінің дамуына теріс әсері.</p> <p>2. Ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі.</p> <p>3. ДСҰ-ға кіру.</p>

3. Дамудың негізгі проблемалары, үрдістері және алғышарттары.

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік кәсіпорындарды жаңғыртудың жүйелі шараларын әзірлеу мақсатында Бағдарлама операторы «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, 16 өңір мен өнеркәсіптің 10 саласының 187 өнеркәсіптік кәсіпорнына технологиялық аудит жүргізді.

Технологиялық аудит барысында өндірісті дамытуға кедергі жасайтын проблемалар анықталды, атап айтқанда:

- 1) қарыз алудың жоғары құны;
- 2) индустриялық инфрақұрылымның дамымауы;
- 3) кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының дамымауы;
- 4) кәсіпорында алдыңғы жылдары қалыптасқан үлкен борыштық жүктеме, бұл олардың инвестициялық белсенділігін шектейді;
- 5) ең алдымен технологиялық жабдықтарды жаңартуға және жаңғыртуға инвестиция салудың төмен деңгейіне байланысты, өндеуші өнеркәсіп

салаларының көптеген кәсіпорындарының негізгі қорларының тозуы 60 %-дан асады, оның ішінде металлургия саласының кәсіпорындары – 58,4 %-ға, ал олардың жекелеген түрлерінде (машина жасау кәсіпорындарында – 56,7%, химия мен фармацевтикада – 45,3 %, құрылыс индустриясында – 39 %) – 70 %-ға дейін ж е т е д і ;

6) ресурсты қажетсіну және бірінші кезекте, өнімнің энергияны көп қажетсінуі және тиісінше ресурсты және энергияны үнемдейтін технологияларды , «жасыл» технологияларды және т.б. енгізудің объективті қажеттілігі;

7) өнеркәсіп құрылымында шикізат салаларының, тікелей, негізінен шетелдік инвестициялар ағынының тау-кен өндіру өнеркәсібінде басым болуы;

8) қазақстандық кәсіпорындар мен экономиканың толығымен жоғары технологиялық өнім импортына тәуелділігінің күшеюі, бұл едәуір дәрежеде ұлттық қауіпсіздік көрсеткіштерін нашарлатады;

9) жоғары технологиялық инвестициялық жобаларды енгізуге және іске асыруға қабілетті техникалық бейіндегі жоғары кәсіби басқарушы кадрлардың ж е т і с п е у ш і л і г і ;

10) өндірістік процестерді жаңғырту барысында жабдықтар мен көлік құралдарына қызмет көрсететін жұмысшы персонал біліктілігінің төмен деңгейі.

Технологиялық аудиттің алдын ала нәтижелері жаңғырту процесін іске қосу үшін ерте демонстрациялық табысқа жететін мүмкіндіктері бар «пилоттық» жобаларға шоғырлану қажеттігін көрсетті. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, «пилоттық» жобаларды әзірлеу жұмыс істеу үшін демонстрациялық а л а ң б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Инновациялық-технологиялық дамуды талдау.

Табиғи және моральдық жағынан ескірген технологиялық жабдықтар мен жоғары шығындар көптеген отандық кәсіпорындарға шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттерін толық көлемде шешуге мүмкіндік бермейді. Кәсіпорындар үшін өндірістік әлеуетті тек жетілдіру ғана емес, сол бұрынғы деңгейде ұстау да проблема болып табылады. Осындай жағдайда қалыптасқан өндірістік әлеует толық көлемде кеңейтілген жеделдетіп шығаруға кө ш у д і қ а м т а м а с ы з е т е а л м а й д ы .

Осылайша, өнеркәсіптік кәсіпорындарда табиғи және моральдық жағынан тозған қорлардың жинақталуының қарқынды процесі оларды пайдалану тиімділігіне теріс әсер етеді және жаңғырту жөніндегі іс-шараларды өткізу қажеттілігін растайды. Сонымен қатар, барынша жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы басқару технологияларын белсенді түрде енгізу қажет. Онсыз жаңғырту тұрақты бәсекеге қабілетті кәсіпорындар құруға мүмкіндік бермейді және қымбатқа түседі.

5. Қазіргі мемлекеттік реттеу саясатын талдау.

Мемлекеттік бағдарламада экономиканы әртараптандыру мен бәсекеге қабілеттілігін өсіруді қамтамасыз ететін, оның шикізаттық емес секторларын жедел дамыту көзделеді.

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның басымдылығы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту, қайта құрылымдау немесе экспортқа бағыттылығын дамыту перспективасымен қазіргі заманғы өндірістерді құру арқылы шағын, орта және ірі бизнесті дамыту болып табылады. Орта және ірі бизнес халық шаруашылығын дамытуға, әлеуметтік проблемаларды шешуге, жұмыс істейтін қызметкерлердің санын арттыруға айтарлықтай әсер етеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының экономикасын индустриялық-инновациялық дамытудың маңызды бағыттарының бірі мемлекеттік қолдауда дербес тәсілге негізделген өнеркәсіптік жаңғырту болып табылады.

Бағдарламаны табысты іске асыру және өнеркәсіптік кәсіпорындардың өнімділігін арттыру үшін өнеркәсіптік кәсіпорындарды қаржылай және қаржылай емес қолдау саясатын қайта қарау талап етіледі.

6. Орын алған проблемаларды шешу жөніндегі Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімдеуге болатын шетелдік оң тәжірибеге шолу.

Қазіргі заманғы әлемде жоғары еңбек өнімділігі бәсекелестік артықшылық болып табылады, оны статистика да растайды. Мәселен, жоғары өнімділік арқасында өндірістік жағынан дамыған мемлекеттер көшбасшылығын сақтап отыр, бұл – АҚШ, Франция, Германия. Оларға өндірістегі лайықты бәсекелестікті Ирландия, Бельгия, Люксембург, Норвегия және басқа елдер құрайды.

Мемлекет шикізаттық емес секторлардың экспортына толық қолдау көрсетпейді, ал ірі әлемдік көшбасшылардың кәсіпорындарын жаңғыртудың әлемдік тәжірибесін талдау көрсеткендей жаңғырту процесі мемлекеттің экономикаға ауқымды араласуымен және өзінің өндірушісін қолдауымен сипатталды.

Жаңғырту кезінде Жапонияда экономиканы инновациялық дамытудың және оларды мемлекеттік қолдаудың әртүрлі шараларының көмегімен іске асырудың ұзақ мерзімді жоспарлары әзірленді, ол мынадай құралдарды қамтыды:

- 1) басым ғылыми-техникалық жобаларды мемлекеттік қаржыландыру;
- 2) саланы дамытудың ұзақ мерзімді жоспарларын іске асыру;
- 3) кәсіпорындарды экспорттық кредиттеуді жүзеге асыратын арнайы банктендіріліс құру;
- 4) патент беруге өтінімдерді қараудың жедел рәсімі, зияткерлік меншік

құқықтарын тиімді қорғау;

5) импорт тарапынан бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған саясат жүргізу;

6) шетелдік технологияларды лицензиялауға көмек көрсету;

7) кәсіпорындарды біріктіру саласында көмек көрсету.

Аталған шараларды қолдану нәтижесі әлемдегі технологиялық көшбасшылық болып табылады.

Германияда жүргізіліп жатқан жаңғыртудың басты мақсаты – бұл ресурстарды жұмылдыру және оларды капиталды қажетсінетін жобаларға шоғырландыру. Осы мақсатпен инвестициялық банктерді өндірістік кәсіпорындармен қаржы-өнеркәсіптік топтарға біріктірді. Үш ірі топтың басында ұлттық банктер – DeutscheBank, DresdenBank AG тұр. Осындай өнеркәсіптік концерндердің өндірістік қызметі негізінен жоғары технологияларды қолдану негізінде ірі және жаппай өндіріс дамыған экономиканың бір ірі саласын немесе кіші саласын қамтиды.

Жаңғырту үшін салаларды таңдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1) экспорттық әлеует, бәсекелі артықшылық;

2) өсу перспективасы;

3) жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету.

Кәсіпорынды жаңғырту кезінде барынша салымы ең аз мемлекеттік қолдау құралдары мынадай құралдарды қамтыды:

1) қолайлы салық режимін құру;

2) валюта бағамын қолдау;

3) орта және шағын кәсіпорындарды қолдау.

Алайда, жеке бизнестің дамуына бөгет жасамай, мемлекет қатаң монополияға қарсы заңдарды және қатаң техникалық мемлекеттік стандарттарды белгіледі.

4. Бағдарламаның мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

1. Бағдарламаның мақсаты

Экономиканың басым салаларында еңбек өнімділігін арттыру арқылы өнеркәсіптік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

2. Бағдарламаның нысаналы индикаторлары

2015 жылға дейінгі нысаналы индикаторлар:

1) ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алған өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында еңбек өнімділігін кемінде 1,5 есеге ұлғайту;

2) ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алған кәсіпорындар қуатының орташа жүктелуін 70 %-ға дейін ұлғайту;

2018 жылға дейінгі нысаналы индикаторлар:

- 1) Бағдарлама шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алған кәсіпорындарда еңбек өнімділігін кемінде 1,5 есеге ұлғайту;
 - 2) жылына орташа есеппен алғанда кемінде 10 кәсіпорынға инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау;
 - 3) жылына орташа есеппен алғанда кемінде 10 кәсіпорынның құзыретін арттыру;
 - 4) жылына орташа есеппен алғанда кемінде 3 кәсіпорынның технологиялық процестерін жетілдіру;
 - 5) жылына орташа есеппен алғанда кемінде 3 кәсіпорынның өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру;
 - 6) 3 аумақтық кластер құру және оларға мемлекеттік қолдау көрсету;
- 2020 жылға дейінгі нысаналы индикаторлар:

- 1) Бағдарлама шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алған кәсіпорындарда еңбек өнімділігін кемінде 1,5 есеге ұлғайту;
- 2) жылына орташа есеппен алғанда кемінде 10 кәсіпорынға инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау;
- 3) жылына орташа есеппен алғанда кемінде 10 кәсіпорынның құзыретін арттыру;
- 4) жылына орташа есеппен алғанда кемінде, 3 кәсіпорынның технологиялық процестерін жетілдіру;
- 5) жылына орташа есеппен алғанда кемінде 3 кәсіпорынның өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру.
- 6) 3 аумақтық кластер құру және оларға мемлекеттік қолдау көрсету.

3. Міндеттері

1. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту (техникалық қайта жарақтандыру) және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер құру

Нәтижелер көрсеткіштері:

- 1) 2015 жылға дейін «Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну» құралы шеңберінде еңбек өнімділігін кемінде 1,5 есеге ұлғайтқан кәсіпорындар саны – орташа есеппен алғанда жылына 3 кәсіпорын;
- 2) 2015 жылға дейін «Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну» құралы шеңберінде кәсіпорындар қуатының орташа жүктелуін 70 %-ға дейін ұлғайтқан кәсіпорындар саны – орташа есеппен алғанда жылына 3 кәсіпорын.

2. Кәсіпкерлік субъектілерін сервистік қолдау

Нәтижелер көрсеткіштері:

- 1) қажетті экономикалық, техникалық, басқарушылық және өзге құжаттамалар топтамасын әзірлеген кәсіпорындар саны: 2015 жылға дейін – 72, 2018 жылға дейін – 102, 2020 жылға дейін – 122;
- 2) жұмысшы персоналдың, оның ішінде топ-менеджерлердің біліктілік

деңгейін арттырған кәсіпорындар саны: 2018 жылға дейін – 9, 2020 жылға дейін – 15 ;

3) технологиялық аудиттен және энергия аудитінен өткен, өндірісті автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізген кәсіпорындар саны: 2018 жылға дейін – 30, 2020 жылға дейін – 50 ;

4) еңбек өнімділігі мен кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған басқарушылық және технологиялық процестерді жетілдіруден өткен кәсіпорындар саны: 2018 жылға дейін – 30, 2020 жылға дейін – 50.

3. Кластерлік бастамалардың дамуын қолдау Нәтижелер көрсеткіштері:

2020 жылға дейін отандық өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған технологиялық тізбектерді жасау және жергілікті ету, кооперациялау, интеграцияны дамыту және инновациялық дамуды жеделдету – 3 аумақтық кластер.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары, тиісті шаралар

Бағдарламаның негізгі бағыты экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындарды:

1) лизингтік қаржыландыру арқылы;
2) кәсіпорын құзыретін арттыруға, технологиялық процестерді жетілдіруге, өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға, отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілетуге бағытталған ;

3) аумақтық кластерлерді дамыту жөнінде мемлекеттік қолдауды ұсыну арқылы Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін еңбек өнімділігін ұлғайтуға ынталандыру болып табылады.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдаудың тиісті шараларын – Бағдарлама құралдарын ұсыну арқылы жүргізілетін болады.

1. Өтінім берушілерге қойылатын критерийлер
Өтінім беруші Бағдарлама құралдарын алу үшін мынадай критерийлерге сәйкес болуға тиіс:

1) «Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну» құралы бойынша: осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес экономиканың басым салаларында инвестициялық жобаларды іске асыруы және/немесе іске асыруды жоспарлауы;

Бағдарлама операторының жазбаша оң растауы бар;
2) «Инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау» құралы бойынша:

Бағдарлама шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру алу үшін

инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу кезінде:
осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес қызметін экономиканың басым секторларында жүзеге асыруы;

«Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну» құралының операторы қаржыландыруға мақұлдаған инвестициялық жобаның кешенді жоспары бар;

Индустрияландыру картасының жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және/немесе сараптау кезінде:

Республикалық немесе өңірлік деңгейдегі индустрияландыру картасына енгізілген жоба;

осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторларында қызметін кемінде 1 (бір) жыл бойы жүзеге асыруы;

аккредиттелген сарапшылық ұйым немесе аттестатталған сарапшы немесе мемлекеттік сарапшылық ұйым жүргізген, құрылысқа арналған техникалық-экономикалық негіздеменің ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысының болуы;

3) «Кәсіпорынның құзыретін арттыру», «Технологиялық процестерді жетілдіру» және «Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру» құралдары бойынша:

осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторларында қызметін кемінде 1 (бір) жыл бойы жүзеге асыруы;

4) «Аумақтық кластерлерді дамыту және іске асыру бойынша шығындарды өтеу» құралы бойынша:

Аумақтық кластерді дамыту стратегиясын және жол картасын әзірлеу кезінде: конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпазы;

Аумақтық кластерді дамыту стратегиясын және жол картасын іске асыру кезінде:

конкурстың екінші кезеңінің жеңімпазы.

Бағдарламаға қатысу өтінім беру сипатында болады.

Өзге бағдарламалық құжаттар шеңберінде республикалық және/немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландырылатын немесе қаржыландырылған іс-шаралар бойынша шығындар өтінім берушілерге Бағдарлама шеңберінде өтелмейді.

2. Орындаушыларға қойылатын критерийлер

Бағдарлама шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру алуға арналған инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу үшін өтінім беруші тартатын орындаушы мынадай критерийлерге сәйкес болуға тиіс:

1) инфрақұрылымдық жобалар және өңдеуші өнеркәсіптегі жобалар бойынша бизнес-жоспарлар, техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттамалар әзірлеу саласында біліктілігінің және кемінде 3

(үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) инфрақұрылымдық жобалар және өңдеуші өнеркәсіптегі жобалар бойынша бизнес-жоспарлар, техникалық-экономикалық негіздеме немесе жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу саласында кемінде 3 (үш) жұмысының болуы .

Индустрияландыру картасының жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуге өтінім беруші тартатын орындаушы мынадай критерийлерге сәйкес болуға тиіс :

1) көрсетілетін қызметтер саласында біліктілігінің және кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы ;

2) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға мемлекеттік органдар беретін тиісті лицензияның, рұқсаттың болуы (аталған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болған жағдайда);

3) аккредиттелген сарапшылық ұйым немесе тиісті аттестаты бар сарапшы немесе мемлекеттік сарапшылық ұйым жүргізетін құрылысқа арналған техникалық-экономикалық негіздеменің ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысын алған көрсетілетін қызметтер саласындағы кемінде 3 (үш) жобаның болуы .

Индустрияландыру картасының жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздеменің ведомстводан тыс кешенді сараптамасын жүргізу үшін өтінім беруші тартатын орындаушылар аккредиттелген сарапшылық ұйым немесе аттестатталған сарапшылар немесе мемлекеттік сарапшылық ұйым болып табылады .

Кадрларды, оның ішінде топ-менеджерлерді даярлау және/немесе қайта даярлау үшін өтінім беруші тартатын орындаушы мынадай критерийлерге сәйкес болуға тиіс :

білім беру және ғылыми ұйымдар үшін:

1) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға берілетін тиісті лицензияның, рұқсаттың болуы (аталған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болған жағдайда);

2) көрсетілетін қызметтер саласында біліктілігінің және кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы ;

тағылымдаманы және/немесе оқытуды ұйымдастыратын мамандандырылған ұйымдар үшін :

1) көрсетілетін қызметтер саласында біліктілігінің және кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы ;

2) көрсетілетін қызметтер саласында бұрын іске асырылған кемінде 3 (үш) жобаның болуы ;

базасында тағылымдама өткізілген ғылыми-өнеркәсіптік, өнеркәсіптік

кәсіпорындар үшін – тағылымдама бағдарламасына сәйкес келетін салада біліктілігінің және кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.

Сарапшыларды тарту арқылы үздік өндірістік практикаларды енгізу үшін өтінім беруші тартатын орындаушының тиісті салада кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесі болуға тиіс.

Технологиялық процестерді жетілдіруді жүргізу үшін өтінім беруші тартатын орындаушы мынадай критерийлерге сәйкес болуға тиіс:

1) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға берілетін тиісті лицензияның, рұқсаттың болуы (егер аталған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болған жағдайда);

2) көрсетілетін қызметтер саласында біліктілігінің және кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) көрсетілетін қызметтер саласында бұрын іске асырылған кемінде 1 (бір) жобаның болуы.

Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру үшін тартылатын орындаушы мынадай критерийлерге сәйкес болуға тиіс:

1) көрсетілетін қызметтер саласында біліктілігінің және кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) көрсетілетін қызметтер саласында бұрын іске асырылған кемінде 2 (екі) жобаның болуы.

3. Бағдарлама құралдары және оларды ұсыну шарттары

Бағдарлама шеңберіндегі мемлекеттік қолдау:

1) ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсынуға;

2) мыналар:

Бағдарлама шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алу үшін инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу;

Индустрияландыру картасының жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және/немесе сараптау кезінде инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеуге және/немесе сараптауға;

3) мыналар:

кадрларды, оның ішінде топ-менеджерлерді даярлау және/немесе қайта даярлау кезінде; сарапшыларды тарту арқылы үздік өндірістік практикаларды енгізу кезінде кәсіпорын құзыретін арттыруға;

4) технологиялық процестерді жетілдіруге;

5) өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыруға;

6) отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету жөніндегі индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің шығындарын өтеуге;

7) Аумақтық кластерді дамыту стратегиясын және жол картасын әзірлеуге

арналған шығындардың бір бөлігін өтеуге;

8) Аумақтық кластерді дамыту стратегиясын және жол картасын іске асыруға арналған шығындардың бір бөлігін өтеуге негізделеді.

1-құрал. «Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну»

Бағдарлама шеңберінде өтінім берушіге ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды құрал операторы ұсынады. Құрал операторы – «Қазақстанның даму банкі» АҚ еншілес ұйымы «ҚДБ-Лизинг» АҚ.

Өтінім беруші ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру құралын пайдаланғанда, жобаны іске асыруда лизинг мәнінің жалпы құнының кемінде 15 %-ы мөлшерінде ақша қаражатымен қатысуды қамтамасыз етуге тиіс.

Лизинг мәнінің жалпы құны, кемінде 150 млн. теңге болуға тиіс (жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін кемінде 75 млн. теңге).

Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру 10 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Қаржы лизингі шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесі өтінім беруші үшін 5 %-ды құрауы тиіс, бұл ретте құрал операторының бюджеттік кредит пен өзге де қорландыру құралдарының қатынасы 80/20-ды құрауға тиіс. Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну көлемін арттыру мақсатында осы Бағдарламада айқындалған шарттарда өтелген лизингтік төлемдер есебінен ақша қаражатын қайта пайдалануға жол беріледі. Осы талаптар 2011 – 2012 жылдары жасалған шарттарға да қолданылады.

2-құрал. «Инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе с а р а п т а у »

Бағдарлама шеңберінде өтінім берушіге инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау түріндегі мемлекеттік қолдауды Бағдарлама операторы ұсынады.

Инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау шеңберінде :

1) Бағдарлама шеңберінде лизингтік қаржыландыруды алу үшін инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу үшін шығындардың 50 %-ы, бірақ 2 млн. теңгеден аспайтын мөлшерде;

2) Индустрияландыру картасы жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және/немесе сараптау үшін өтінім берілген күнге дейін кемінде 12 (он екі) айдан бұрын жүргізілген шығындардың 50 %-ы, бірақ 15 млн. теңгеден аспайтын мөлшерде және құрылыс-монтаждау жұмыстары сомасының 2 %-ынан аспайтын шығыстарды төлеу көзделеді.

3-құрал. «Кәсіпорын құзыретін арттыру»

Бағдарлама шеңберінде өтінім берушіге кәсіпорын құзыретін арттыру түріндегі мемлекеттік қолдауды Бағдарлама операторы ұсынады.

Кәсіпорын құзыретін арттыру шеңберінде:

1) өтінім берілген күнге дейін кемінде 6 (алты) айдан бұрын жүргізілген, бірақ 1 (бір) қызметкерге 2 млн. теңгеден және бір кәсіпорын бойынша жылына 15 (он бес) қызметкерден аспайтын, кадрларды, оның ішінде топ-менеджерлерді даярлау және/немесе қайта даярлау кезінде кәсіпорын шеккен шығындардың 40 % - ы м ө л ш е р і н д е ;

2) өтінім берілген күнге дейін кемінде 12 (он екі) ай бұрын жүргізілген (бұл ретте толық күнтізбелік айлар өтеледі), бірақ 1 (бір) маманға жылына 9 млн. теңгеден аспайтын, бір кәсіпорын бойынша жылына 3 (үш) қызметкерден аспайтын, сарапшыларды тарту (еңбекақы (ЕТҚ)) арқылы озық өндірістік тәжірибені енгізу кезінде кәсіпорын шеккен шығындардың 40%-ы мөлшерінде т ө л е у к ө з д е л е д і .

Еңбек өнімділігін артыруға бағытталған кадрларды, оның ішінде кәсіпорынның топ-менеджерлерін даярлау және/немесе қайта даярлау өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру үшін жаңа білім, дағдылар мен тәжірибе алу мақсатында инженерлік-техникалық персоналдың, топ-менеджерлердің, оның ішінде шет елдерде де біліктілігін арттыруды, оларды оқытуды, қайта даярлауды, тағылымдамадан өтуін көздейді.

Кадрларды, оның ішінде кәсіпорынның топ-менеджерлерін даярлауды және/немесе қайта даярлауды өтінім беруші:

1) білім беру, мамандандырылған және ғылыми ұйымдардағы, оның ішінде шетелдік, курстарда, семинарларда оқыту;

2) тағылымдама ұйымдастыру үшін тартылған ғылыми-өнеркәсіптік, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, мамандандырылған ұйымдарда өткізілетін, оның ішінде шетелдік, тағылымдамалар арқылы жүзеге асыра алады.

Кадрларды, оның ішінде топ-менеджерлерді даярлау және/немесе қайта даярлау кезінде кәсіпорын шеккен шығындарды өтеу:

1) кадрларды даярлауды немесе қайта даярлауды жүзеге асырған ұйымның көрсетілетін қызметтерінің құнын (бір шарт шеңберінде қызметкерлер тобы жіберілген жағдайда, бір қызметкерге көрсетілген қызметтер құны барлық қызметкерлер санына барабар айқындалады);

2) іссапарға жіберілген орынға бір мәрте бару және тұрақты жұмыс істеу орнына кері қайту құнын;

3) жұмыскердің кадрларды даярлау және/немесе қайта даярлау мерзімі ішінде тәуліктік шығындардан басқа, курстарда, семинарларда оқыту кезінде 1 (бір) айдан аспайтын және тағылымдамадан өту кезінде 3 (үш) айдан аспайтын тұру қ ұ н ы н қ а м т и д ы .

Бұл ретте өтеуге қабылданатын шекті шығындар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен мемлекеттік қызметшілерге қызметтік шетелдік іссапарларға арналған

шығыстарды өтеу нормаларына негізделе отырып есептеледі.

Сарапшыларды тарту арқылы үздік өндірістік тәжірибелерді енгізу технологиялық процестерді жетілдіру, жабдықтарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында білікті шетелдік мамандарды тартуды көздейді.

Сарапшыларды тарту арқылы үздік өндірістік практикаларды енгізу кезінде кәсіпорын шеккен шығындарды өтеу көрсетілетін қызметтерге (еңбекке) ақы төлеуді көздейді және жол жүруге, тұруға арналған шығындарды, тәулікақы төлеуді қамтымайды.

4-құрал. «Технологиялық процестерді жетілдіру»

Бағдарлама шеңберінде өтінім берушіге технологиялық процестерді жетілдіру түріндегі мемлекеттік қолдауды Бағдарлама операторы ұсынады.

Технологиялық процестерді жетілдіру ақпараттық технологиялар саласындағы, оның ішінде автоматтандырылған жүйенің функционалдық сипаттамаларына қойылатын талаптарды қалыптастыруды және оны ұйымдарда енгізуді, компанияны басқару жүйесін қалыптастыруды, қайта ұйымдастыруды және оның жұмыс істеуіне байланысты проблемалардың жиынтығын шешу бойынша, инженерлік ой мен шешім әзірлеуді, жаңа конструкцияларды, технологияларды, жабдықтарды іздеуді және оларды өндіріске енгізу мүмкіндіктерін айқындауды, өндіріс процесінің қалыпты барысын қамтамасыз ету, сүйемелдеу және басқару мен өнімдерді өткізу, өнеркәсіптік дизайн әзірлеу бойынша көрсетілетін қызметтерге технологиялық аудитті, энергия аудитін, консалтинг жүргізуді көздейді.

Технологиялық процестерді жетілдіру шеңберінде:

1) өтінім берілген күнге дейін кемінде 6 (алты) айдан бұрын жүргізілген, шағын және орта кәсіпорындар үшін 8 млн. теңгеден аспайтын, ірі кәсіпорындар үшін 16 млн. теңгеден аспайтын техникалық диагностика жүргізу кезінде кәсіпорын шеккен шығындардың 50 %-ы мөлшерінде;

2) өтінім берілген күнге дейін 6 (алты) айдан бұрын жүргізілген, бірақ 30 млн. теңгеден аспайтын, консалтингтік, жобалық және инжинирингтік ұйымдарды тарту арқылы жүзеге асырылатын технологиялық процестерді жетілдіру кезінде кәсіпорын шеккен шығындардың 40 %-ы мөлшерінде төлеу көзделеді.

5-құрал. «Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру»

Бағдарлама шеңберінде өтінім берушіге өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру түріндегі мемлекеттік қолдауды Бағдарлама операторы ұсынады.

Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру прогрессивті басқарушылық және өндірістік технологиялар жоспарын әзірлеу және енгізу арқылы жүзеге асырылады (ұйымның экономикалық тиімділігін арттыратын технологиялар, оның ішінде автоматтандырылған басқару жүйелері, энергия тиімді және жасыл технологиялар, жобаларды басқару стандарттары, Lean, Кайдзен, TPM, ERP,

әлеуметтік жауапкершілік, еңбекті қорғау және кәсіби аурулардың алдын алу, жобалық менеджмент, зерттеулер, әзірлемелер және инновациялар, ақпараттық технология, энергия және экономикалық менеджмент саласындағы стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның (ISO) стандарттары).

Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру шеңберінде:

1) өтінім берілген күнге дейін 6 (алты) айдан бұрын жүргізілген, бірақ 5 млн. теңгеден аспайтын, өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру жоспарын әзірлеу кезінде кәсіпорын шеккен шығындардың 40 %-ы мөлшерінде;

2) өтінім берілген күнге дейін 6 (алты) айдан бұрын жүргізілген, бірақ 15 млн. теңгеден аспайтын, өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру жоспарын іске асыру кезінде кәсіпорын шеккен шығындардың 40 %-ы мөлшерінде төлеу көзделеді.

6-құрал. «Отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу»

Құрал операторы – жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институты.

Отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7-құрал. «Аумақтық кластерлерді дамыту стратегиясын және жол картасын әзірлеу шығындарының бір бөлігін өтеу»

Бағдарлама шеңберінде өтінім берушіге Аумақтық кластерді дамыту стратегиясын және жол картасын әзірлеуге арналған шығындарды өтеу түріндегі Мемлекеттік қолдауды Бағдарлама операторы ұсынады.

Шығындардың бір бөлігін өтеу шеңберінде Аумақтық кластерді дамыту стратегиясын және жол картасын әзірлеу кезінде 1 (бір) аумақтық кластерге шаққанда 50 %, бірақ 15 млн. теңгеден аспайтын мөлшердегі жұмсалған шығыстарды төлеу көзделеді.

Аумақтық кластерді дамыту стратегиясын және жол картасын әзірлеуге арналған шығындарды өтеу аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеудің бірінші кезеңінің жеңімпазы болып табылатын өтінім берушіге жүзеге асырылады.

8-құрал. «Аумақтық кластерлерді дамыту стратегиясын және жол картасын іске асыру шығындарының бір бөлігін өтеу»

Бағдарлама шеңберінде өтінім берушіге мемлекеттік қолдауды Бағдарлама операторы ұсынады.

Аумақтық кластерді дамыту стратегиясын және жол картасын іске асыру

шығындарын өтеу аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеудің екінші кезеңінің жеңімпазы болып табылатын өтінім берушіге жүзеге асырылады.

4. Бағдарлама құралдарын ұсыну тетіктері
«Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну» құралын ұсыну тетігі

1. Өтінім беруші Бағдарлама операторына өтінім берушінің Бағдарлама талаптарына сәйкес келетіні туралы мәліметтерді көрсететін Жоба паспортын жібереді. Жоба паспортының нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

2. Бағдарлама операторы өтінім берушіден жоба паспортын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінім берушінің Бағдарлама критерийлеріне сәйкестігі тұрғысында тексеруді жүзеге асырады және өтінім берушіге индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жазбаша растауды жібереді.

Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алу үшін Бағдарлама операторының оң қорытындысын алған кезде құрал операторына тізбесі құрал операторының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес айқындалатын құжаттарды, оның ішінде индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу әдістемесіне сәйкес әзірленген инвестициялық жобаның кешенді жоспарын қоса бере отырып, өтінім береді.

Қажетті құжаттар тізбесі құрал операторының интернет-ресурсында о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

3. Құрал операторы өтінім беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынғаннан кейін құрал операторының ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде инвестициялық жобаның, оның ішінде Бағдарламада «Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну» құралы бойынша өтінім берушіге қойылатын осы Бағдарлама критерийлеріне сәйкестігі тұрғысында сараптамасын жүзеге асырады.

4. Оң шешім болған жағдайда, құрал операторы мен өтінім беруші қаржы л и з и н г і ш а р т ы н ж а с а с а д ы .

5. Құрал операторы Бағдарлама операторы мен өтінім берушіні осындай шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну туралы қабылданған шешім бойынша хабардар етеді.

6. Құрал операторы мен өтінім беруші арасында қаржы лизингі шарты жасалғаннан кейін құрал операторы Бағдарлама операторымен және өтінім берушімен Инвестициялық жобаның мониторингі туралы келісім жасасады. Инвестициялық жобаның мониторингі туралы келісімнің үлгілік нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

7. «Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну» құралын алған өтінім беруші Бағдарламаның нысаналы индикаторына сәйкес еңбек өнімділігін ұлғайтады.

«Инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау», «Кәсіпорын құзыретін арттыру», «Технологиялық процестерді жетілдіру» және «Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру» құралдарын ұсыну тетігі

1. Бағдарлама құралын алу үшін өтінім беруші қаржылай қолдамайтын оператор немесе тікелей Бағдарлама операторы арқылы индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша, өтінім берілген құралдарға сәйкес талап етілетін құжаттарды қоса бере отырып, Бағдарлама құралын алуға өтінім б е р е д і .

2. Бағдарлама операторы өтінім берушінің өтінімін қаржылай қолдамайтын оператордан алған жағдайда өтінім мен қоса берілген құжаттар тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған өтінім мен оған қоса берілген құжаттарға осы Бағдарламаның белгіленген талаптарына сәйкестігі тұрғысында тексеру жүргізеді және шығындарды өтеу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

Қаржылай қолдамайтын оператор арқылы құралдарды ұсыну тетігі «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасына сәйкес айқындалады.

3. Бағдарлама операторына өтінім тікелей берілген жағдайда соңғысы өтінім мен қоса берілген құжаттар тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларға толықтығы тұрғысында сараптама жүргізеді, өтінім мен оған қоса берілген құжаттар сәйкес келмеген жағдайда, бұл туралы өтінім берушіні х а б а р д а р е т е д і .

4. Өтінім беруші өтінім мен қажетті қосымшалардың сәйкес келмейтіні туралы хабарламаны алғаннан кейін сәйкессіздіктерді жояды және өтінім мен қоса берілген құжаттарды Бағдарлама операторына қайта енгізеді.

5. Бағдарлама операторы 11-тармаққа сәйкес толықтығы тұрғысында оң сараптаманы алғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынылған өтінім мен оған қоса берілген құжаттарды осы Бағдарламаның белгіленген талаптарына сәйкестігі тұрғысында тексеруді жүзеге асырады және шығындардың бір бөлігін өтеу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

6. Бағдарлама операторы шығындардың бір бөлігін өтеу мүмкіндігі туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге Бағдарлама операторы қол қойған Шығындардың бір бөлігін өтеу туралы келісімнің 2 (екі) данасын қоса бере отырып, хабарлама жібереді. Шығындардың бір бөлігін өтеу туралы келісімнің үлгілік нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді. Қажет болған

жағдайда, хабарламада шығындардың бір бөлігін өтеуге қабылданатын соманы түсіндіру келтіріледі.

Шығындардың бір бөлігін өтеудің мүмкін еместігі туралы шешім қабылданған жағдайда, Бағдарлама операторы мұндай шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге тиісті негіздемесі келтірілген хабарлама жібереді.

7. Өтінім беруші Бағдарлама операторынан сәйкессіздік(тер) көрсетілген хабарламаны алғаннан кейін оны (оларды) жояды және өтінім мен қоса берілген құжаттарды Бағдарлама операторына қайта енгізеді.

8. Өтінім беруші Шығындардың бір бөлігін өтеу туралы келісімге қол қойғаннан кейін 1 (бір) данасы Бағдарлама операторына қайтарылады.

9. Шығындардың бір бөлігін өтеу туралы келісімде:

1) құрал бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу сомасы;

2) Бағдарлама операторының құрал бойынша нысаналы индикаторға қол жеткізілмеген жағдайда құралдың іске асырылу барысы туралы ақпаратты өтінім берушіден сұрату құқығы;

3) Шығындардың бір бөлігін өтеу туралы келісімді бұзу және оның шарттары бұзылған жағдайда шығындардың бір бөлігін өтеу түрінде құрал бойынша берілген ақша қаражатын қайтару;

4) Бағдарлама операторының салыстырмалы талдау мен тиімділікке бағалау жүргізуі мақсатында өтінім берушінің Бағдарлама операторына қол қойылған Шығындарды өтеу туралы келісім түскенге дейінгі 2 (екі) жыл және түскен күннен бастап 2 (екі) жыл ішіндегі деректерді қоса алғанда, өтінім беруші туралы статистикалық деректерді кейіннен индустриялық-инновациялық даму саласындағы уәкілетті органға және Бағдарлама операторына таратуға статистика саласындағы уәкілетті органға жіберу үшін өтінім берушінің Бағдарлама операторына келісім беруі.

10. Бағдарлама операторы және өтінім беруші Шығындардың бір бөлігін өтеу туралы келісімге қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Бағдарлама операторы өтінім берушіге құрал бойынша өтеу шарттары мен мөлшеріне сәйкес шығындардың бір бөлігін төлеуді жүзеге асырады, бұл ретте өтінім берушіге ақша қаражатын аударғаны үшін Бағдарлама операторына сыйақы көзделмеген.

11. «Инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау» құралының шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алу үшін инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу шығыстарының төлемін алуға үміткер өтінім беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтінімді қолма-қол тәсілмен беру кезінде жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі мен түпнұсқасы (салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттың түпнұсқасы

өтінім берушіге қайтарылады) немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариатта куәландырылған көшірмесі.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болады;

2) өтінім беруші мен қызметтер көрсететін орындаушы арасында жасалған шарттың көшірмесі;

3) орындаушы көрсеткен қызметтер актісінің көшірмесі;

4) орындаушы көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына шот-фактураның көшірмесі;

5) орындаушы көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына төлем тапсырмаларының көшірмелері;

6) орындаушы әзірлеген инвестициялық жобаның кешенді жоспары;

7) құрал операторының ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну туралы оң шешімінің көшірмесі;

8) орындаушының қызметтер көрсету саласында кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің бар екендігін растайтын біліктілік туралы мәліметтер (тартылатын компанияның біліктілігі мен қызметкерлерінің тәжірибесін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді);

9) орындаушыда қызметтер көрсеткен кезде тартылатын, мынадай талаптарға сәйкес келетін штаттағы және штаттан тыс мамандарының бар екендігін растайтын мәліметтер:

арнайы жоғары білімінің болуы;

жобаның тиісті саласының зерттеулері аясында кемінде 3 (үш) жыл өндірістік жұмыс тәжірибесі (жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді);

10) тартылатын орындаушы ұқсас қызметтерді көрсеткен клиенттерден кемінде 1 (бір) ұсыныс.

12. «Инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау» құралының шеңберінде Индустрияландыру картасының жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және/немесе оны сараптау шығыстарының төлемін алуға үміткер өтінім беруші мынадай құжаттарды

ұ с ы н а д ы :

1) өтінімді қолма-қол тәсілмен беру кезінде жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі мен түпнұсқасы (салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттың түпнұсқасы өтінім берушіге қайтарылады) немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариатта куәландырылған көшірмесі.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды б о л ы п т а б ы л а д ы ;

1) кемінде 1 (бір) қаржы жылында бюджетке салықтың және өзге міндетті төлемдердің төленгендігі туралы ақпарат;

2) өтінім беруші мен қызметтер көрсететін орындаушы арасында жасалған ш а р т т ы ң к ө ш і р м е с і ;

3) орындаушы көрсеткен қызметтер актісінің көшірмесі;

4) орындаушы көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына шот-фактураның к ө ш і р м е с і ;

5) орындаушы көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына төлем тапсырмаларының к ө ш і р м е л е р і ;

6) техникалық-экономикалық негіздеменің көшірмесі;

7) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға мемлекеттік органдар беретін лицензиялардың, рұқсаттардың көшірмесі мен түпнұсқалары (егер аталған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болған жағдайда, өтінім қолма-қол тәсілмен ұсынылған кезде салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттың түпнұсқасы өтінім берушіге қайтарылады, немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға мемлекеттік органдар беретін лицензиялардың, рұқсаттардың нотариатта куәландырылған көшірмелері);

8) орындаушының қызметтер көрсету саласында кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің бар екендігін растайтын біліктілік туралы мәліметтер (тартылатын компанияның біліктілігі мен қызметкерлерінің тәжірибесін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді);

9) орындаушыда қызметтер көрсеткен кезде тартылатын, мынадай талаптарға сәйкес келетін штаттағы және штаттан тыс мамандарының бар екендігін

растайтын

мәліметтер:

арнайы жоғары білімінің болуы;

жобаның тиісті саласының зерттеулері аясында кемінде 3 (үш) жыл өндірістік жұмыс тәжірибесі.

Жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді;

10) тартылатын орындаушы ұқсас қызметтерді көрсеткен клиенттерден кемінде 1 (бір) ұсыныс.

11) аккредиттелген сарапшылық ұйым немесе аттестатталған сарапшы немесе мемлекеттік сарапшылық ұйым жүргізген, құрылысқа арналған техникалық-экономикалық негіздеменің ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі мен түпнұсқасы (салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттың түпнұсқасы өтінім берушіге қайтарылады).

13. «Кәсіпорын құзіретін арттыру» құралының шеңберінде кадрларды, оның ішінде топ-менеджерлерді даярлау/қайта даярлау шығыстарының төлемін алуға үміткер өтінім беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтінімді қолма-қол тәсілмен беру кезінде жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі мен түпнұсқасы (салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттың түпнұсқасы өтінім берушіге қайтарылады) немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариатта куәландырылған көшірмесі.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

2) кемінде 1 (бір) қаржы жылында бюджетке салықтың және өзге міндетті төлемдердің төленгені туралы ақпарат;

3) өтінім беруші мен қызметтер көрсететін орындаушы арасында жасалған шарттың көшірмесі;

4) орындаушы көрсеткен қызметтер актісінің көшірмесі;

5) орындаушы көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына шот-фактураның көшірмесі;

б) орындаушы көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына төлем

тапсырмаларының көшірмелері;

7) өтінім берушінің инженерлік-техникалық персоналының және/немесе топ-менеджерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;

8) жұмыс беруші мен кәсіпорында алынған білім мен дағдыларды қолданумен байланысты біліктілігін, оның ішінде шетелде арттырған қызметкер арасындағы міндеттемелер жазылған, қызметкермен жасалған шарттың немесе келісім шарттың көшірмесі;

9) курстарда, семинарларда оқу, тағылымдамадан өту қорытындылары туралы есеп;

10) өтінім берген қызметкердің курстарда, семинарларда оқығанын, тағылымдамадан өткенін құжаттамалық растау – сертификат (бар болса);

11) теміржолмен жүрген кезде – купелі вагон тарифі (жұмсақ дивандары төменде орналасқан, орналасуын реттейтін құрылғы орнатылған жұмсақ креслолары бар (жатын вагон) 2 орындық, сондай-ақ жүрдек пойыздардың «Турист» және «Бизнес» сыныпты купелі вагондарын қоспағанда); су жолдары, шосселик және топырақты жолдармен – осы елді мекенде қолданылатын жол жүру құны бойынша; және әуе көлігімен – растау құжаттары бар болса, экономикалық сынып тарифі бойынша ұсынылған жол жүру құжаттарының негізінде іссапарға баратын жеріне және тұрақты жұмыс орнына кері қарай жол жүру құнын (іссапарға жіберілген адамға әкімшілік жол жүруге тиісті қаражат беретін жағдайлардан басқа); жол жүру билеттері мен қонақүйден орын броньдау, сондай-ақ іссапарға баратын жеріне және тұрақты жұмыс орнына кері қарай жол жүру кезінде мұндай шығыстарды растайтын құжаттары бар болса, пойыздарда төсек-орын жабдығын пайдалану құнын растайтын құжаттың көшірмесі;

12) жұмыскердің кадрларды даярлау және/немесе қайта даярлау мерзімі ішінде курстарда, семинарларда оқыту кезінде 1 (бір) айдан аспайтын және тағылымдамадан өту кезінде 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде нақты шығындар бойынша стандарт сыныбындағы бір орындық қонақүй нөмірінің құны бойынша тұру, оның ішінде броньдау құнын; тәуліктік шығындардан басқа, республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен мемлекеттік қызметшілердің қызметтік шетелдік іссапары шығыстарын өтеуді реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мөлшерлемелер бойынша шығыстарын растайтын құжат көшірмесі;

13) білім беру, мамандандырылған және ғылыми ұйымдар үшін – жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензиялар, рұқсаттар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұл құжаттар міндетті болса);

14) мамандандырылған ұйымдар үшін – тартылатын орындаушы ұқсас қызметтер көрсеткен клиенттерден кемінде 1 (бір) ұсыным;

15) орындаушыда жұмыс тәжірибесінің бар екендігін растайтын біліктілік
т у р а л ы м ә л і м е т т е р :

оқыту мен тағылымдаманы ұйымдастыру үшін тартылатын білім беру,
ғылыми, мамандандырылған ұйымдар үшін – көрсетілетін қызметтер саласында
к е м і н д е 3 (ү ш) ж ы л ;

базасында тағылымдама өткізілген ғылыми-өнеркәсіптік, өнеркәсіптік
кәсіпорындар үшін – тағылымдама бағдарламасына сәйкес келетін салада
к е м і н д е 5 (б е с) ж ы л .

Жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын
индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы
у ә к і л е т т і о р г а н б е к і т е д і ;

16) орындаушыда қызметтер көрсеткен кезде тартылатын, мынадай
талаптарға сәйкес келетін штаттағы және штаттан тыс мамандарының бар
екендігін р а с т а й т ы н м ә л і м е т т е р :

арнайы жоғары білімінің болуы;

жобаның тиісті саласының зерттеулері аясында кемінде 3 (үш) жыл өндірістік
жұмыс тәжірибесі. Жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын
индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы
у ә к і л е т т і о р г а н б е к і т е д і .

14. «Кәсіпорын күзіретін арттыру» құралының шеңберінде сарапшыларды
тарту арқылы үздік өндірістік практикаларды енгізу шығыстарының төлемін
алуға үміткер өтінім беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтінімді қолма-қол тәсілмен беру кезінде жарғының және мемлекеттік
тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі мен
түпнұсқасы (салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттың түпнұсқасы
өтінім берушіге қайтарылады) немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда
жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе
анықтаманың н о т а р и а т т а к у ә л а н д ы р ы л ғ а н к ө ш і р м е с і

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу
мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24
желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін
берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта
тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды
б о л ы п т а б ы л а д ы ;

2) кемінде 1 (бір) қаржы жылында бюджетке салықтың және өзге міндетті
төлемдердің төленгені туралы ақпарат;

3) өтінім беруші мен қызметтер көрсететін орындаушы арасында жасалған
ш а р т т ы ң к ө ш і р м е с і ;

4) білікті шетелдік маманның көрсеткен қызметтері үшін ақы төленгенін
р а с т а й т ы н қ ұ ж а т ;

5) білікті шетелдік маманда тиісті салада жоғары кәсіби білімінің бар екендігін растайтын мәліметтер (шетелдік маманның біліктілігін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді);

6) білікті шетелдік маманның тиісті салада кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесінің бар екендігін растайтын мәліметтер (жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді);

7) алынған әсерді көрсете отырып, орындалған жұмыс туралы есеп.

15. «Технологиялық процестерді жетілдіру» құралы шеңберінде шығыстардың төлемін алуға үміткер өтінім беруші мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

1) өтінімді қолма-қол тәсілмен беру кезде жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі мен түпнұсқасы (салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттың түпнұсқасы өтінім берушіге қайтарылады) немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариатта куәландырылған көшірмесі.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды б о л ы п т а б ы л а д ы ;

2) кемінде 1 (бір) қаржы жылында бюджетке салықтың және өзге міндетті төлемдердің төленгені туралы ақпарат;

3) өтінім беруші мен қызметтер көрсететін орындаушы арасында жасалған ш а р т т ы ң к ө ш і р м е с і ;

4) орындаушы көрсеткен қызметтер актісінің көшірмесі;

5) орындаушы көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына шот-фактураның к ө ш і р м е с і ;

6) орындаушы көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына төлем тапсырмаларының көшірмелері;

7) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға мемлекеттік органдар беретін лицензиялардың, рұқсаттардың көшірмесі мен түпнұсқалары (егер аталған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болған

жағдайда, өтінім қолма-қол тәсілімен ұсынылған кезде салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттың түпнұсқасы өтінім берушіге қайтарылады, немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға мемлекеттік органдар беретін лицензиялардың, рұқсаттардың нотариатта куәландырылған көшірмелері);

8) орындаушының көрсетілетін қызметтер саласында кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің бар екендігін растайтын біліктілігі туралы мәліметтер (тартылатын компанияның біліктілігін және қызметкерлердің тәжірибесін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді);

9) орындаушының қызметтер көрсеткен кезде тартылатын, мынадай талаптарға сәйкес келетін штаттағы және штаттан тыс мамандарының бар екендігін растайтын мәліметтер:

арнайы жоғары білімінің болуы;
жобаның тиісті саласының зерттеулері аясында кемінде 3 (үш) жыл өндірістік жұмыс тәжірибесі (жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді);

10) тартылатын орындаушы ұқсас қызметтерді көрсеткен клиенттерден кемінде 1 (бір) ұсыным;

11) орындаушының технологиялық аудит, энергия аудиті, ақпараттық технологиялар саласындағы консалтинг, кәсіпорынның жалпы жұмыс істеуін оңтайландыруға байланысты проблемалар жиынтығын шешу бойынша қызметтер көрсету нәтижесінің қорытындысы бойынша есеп;

12) орындаушының инженерлік ой мен шешім әзірлеу, жаңа конструкциялар мен технологияларды іздеу және оларды өндірісте енгізу мүмкіндіктерін айқындау, сараптау және ұсынымдар әзірлеу, жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде қолдау бойынша есептерді дайындау, өнеркәсіптік дизайн әзірлеу бойынша қызметтер көрсеткенін растайтын құжаттар.

16. «Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру» құралы шеңберінде шығыстардың төлемін алуға үміткер өтінім беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтінімді қолма-қол тәсілмен беру кезінде жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі мен түпнұсқасы (салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттың түпнұсқасы өтінім берушіге қайтарылады) немесе өтінім пошта арқылы түскен жағдайда жарғының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариатта куәландырылған көшірмесі.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды

тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды
б о л ы п т а б ы л а д ы ;

2) кемінде 1 (бір) қаржы жылында бюджетке салықтың және өзге міндетті төлемдердің төленгені туралы ақпарат;

3) өтінім беруші мен қызметтер көрсететін орындаушы арасында жасалған ш а р т т ы ң к ө ш і р м е с і ;

4) орындаушы көрсеткен қызметтер актісінің көшірмесі;

5) орындаушы көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына шот-фактураның к ө ш і р м е с і ;

6) орындаушы көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына төлем тапсырмаларының көшірмелері;

7) өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру жоспарының (есебінің) және/немесе орындалған іс-шаралар туралы (еркін нысанда, тұжырымдар мен ұсынымдардан тұратын кемінде 50 парақ);

8) өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру жоспарын енгізу актісі;

9) орындаушының қызметтер көрсету саласында кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің бар екендігін растайтын біліктілік туралы мәліметтер (тартылатын компанияның біліктілігі мен қызметкерлерінің тәжірибесін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді);

10) орындаушы (басқарушы немесе оны алмастыратын адам) қол қойған түйіндемені қоса бере отырып, орындаушының кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесі бар штаттағы және штаттан тыс білікті қызметкерлердің бар екендігін растайтын мәліметтер (қызметкерлердің біліктілігін растайтын мәліметтерді ұсыну нысанын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді);

11) тартылатын орындаушы ұқсас қызметтерді көрсеткен клиенттерден кемінде 1 (бір) ұ с ы н ы м .

17. Бағдарлама операторының өтінім берушілерден тізбеде көзделмеген құжаттарды талап етуге құқығы жоқ.

18. Өтінім беруші ұсынылған құжаттардың, бастапқы деректердің, есептердің, негіздемелердің толықтығы мен анықтығын қамтамасыз етеді. Ұсынылған ақпаратта өтінім беруші есептерде пайдаланылған деректер көзін және есеп жүргізілген күнді көрсетеді.

19. Құралды алуға арналған өтінім материалдары бірыңғай папкаға жиналған,

парақтары нөмірленіп, осы Бағдарламаның талаптарына қатаң сәйкестікте ресімделген болуға тиіс.

«Отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу» құралын ұсыну тетігі

«Отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу» құралын ұсыну тетігін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

«Аумақтық кластерді дамыту стратегиясын және жол картасын әзірлеу шығындарын өтеу» құралын ұсыну тетігі

1. Аумақтық кластерді дамыту стратегиясын және жол картасын әзірлеуге арналған шығындардың бір бөлігінің өтемін алу үшін конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпазы Бағдарлама операторына мынадай құжаттар топтамасын қоса бере отырып, өтінім береді:

1) Аумақтық кластерді дамыту стратегиясының және жол картасының көшірмесі;

2) өтінім беруші мен қызметтер көрсететін орындаушы арасында жасалған шарттың көшірмесі;

3) орындаушы көрсеткен қызметтер актісінің көшірмесі;

4) орындаушы көрсеткен қызметтің жалпы сомасына шот-фактураның көшірмесі;

5) орындаушы көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына төлем тапсырмасының көшірмесі.

2. Бағдарлама операторы құжаттар топтамасы қоса берілген өтінім тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжаттар топтамасының толықтығы тұрғысынан тексеру жүргізеді.

3. Құжаттар топтамасы толық болмаған жағдайда, Бағдарлама операторы толықтығы тұрғысынан тексеру аяқталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде пошта арқылы және/немесе өтінім берушінің өтінімінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына (бар болса) сәйкессіздікті көрсете отырып хабарлама жібереді.

4. Өтінім беруші сәйкессіздік туралы хабарламаны алғаннан кейін оларды жояды және Бағдарлама операторына өтінім мен қоса берілетін құжаттарды қайта енгізеді.

5. Бағдарлама операторы өтінімге толықтығы тұрғысынан тексеру жүргізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оның осы Бағдарламаның талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізеді.

6. Осы бағдарламаның талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптама

жүргізілгеннен кейін Бағдарлама операторы 3 (үш) жұмыс күн ішінде шығындардың бір бөлігін өтеу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

7. Бағдарлама операторы шығындардың бір бөлігін өтеу мүмкіндігі туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге х а б а р л а м а ж і б е р е д і .

8. Бағдарлама операторы өтінім мен қоса берілген құжаттардың осы Бағдарлама талаптарына сәйкес келмеуін белгілеуге байланысты шығындардың бір бөлігін өтеудің мүмкін еместігі туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге өтінім берушінің белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні туралы хабарлама жібереді.

9. Конкурс жеңімпазын тану туралы индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде Бағдарлама операторы шығындардың бір бөлігін өтеу мүмкіндігі туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге құрал бойынша өтеу шарттары мен мөлшеріне сәйкес шығындардың бір бөлігін өтеуді жүзеге асырады, бұл ретте Бағдарлама операторына өтінім берушіге ақша қаражатын аударғаны үшін сыйақы көзделмеген.

«Аумақтық кластерлерді дамыту стратегиясын және жол картасын іске асыру шығындарының бір бөлігін өтеу» құралын ұсыну тетігі

1. Аумақтық кластерлерді дамыту стратегиясын және жол картасын іске асыру шығындарының бір бөлігінің өтемін алу үшін аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеудің жеңімпазы Бағдарлама операторына индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша құжаттар топтамасын қоса бере отырып, ө т і н і м б е р е д і .

2. Бағдарлама операторы құжаттар топтамасымен қоса берілген өтінім тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжаттар топтамасына толықтығы тұрғысынан тексеру жүргізеді.

3. Құжаттар топтамасы толық болмаған жағдайда, Бағдарлама операторы толықтығы тұрғысынан тексеру аяқталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде пошта арқылы және/немесе өтінім берушінің өтінімінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына (бар болса) сәйкессіздікті көрсете отырып х а б а р л а м а ж і б е р е д і .

4. Өтінім беруші сәйкессіздік туралы хабарламаны алғаннан кейін оларды жояды және Бағдарлама операторына өтінім мен қоса берілетін құжаттарды қ а й т а е н г і з е д і .

5. Бағдарлама операторы 6 (алты) жұмыс күні ішінде берілген құжаттар топтамасына сараптама жүргізіп, шығындардың бір бөлігін өтеу мүмкіндігі туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

6. Бағдарлама операторы шығындарды өтеу мүмкіндігі туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге хабарлама жібереді.

7. Бағдарлама операторы өтінім мен қоса берілген құжаттардың сәйкес келмеуінің анықталуына байланысты шығындардың бір бөлігін өтеудің мүмкін еместігі туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні туралы хабарлама жібереді.

8. Конкурс жеңімпазын тану туралы индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның шешімі негізінде Бағдарлама операторы шығындардың бір бөлігін өтеу мүмкіндігі туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінім берушіге құрал бойынша өтеу шарттары мен мөлшеріне сәйкес шығындардың бір бөлігін өтеуді жүзеге асырады, бұл ретте Бағдарлама операторына өтінім берушіге ақша қаражатын аударғаны үшін сыйақы көзделмеген.

Бағдарлама құралдарын мониторингтеу

Бағдарлама құралдарының іске асырылуын мониторингтеуді Бағдарлама операторы мен құралдар операторлары жүргізеді. Тұтастай алғанда, Бағдарламаның және жекеше алғанда, құралдардың іске асырылуын мониторингтеу нысандары мен мерзімдерін индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

6. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарламаны іске асыру екі кезеңде жүзеге асырылады:

1-кезең – 2011 – 2014 жылдар аралығында жүзеге асырылатын болады, бұл ретте 2011 жыл – пилоттық болып табылады.

2011 жылы Бағдарламаны іске асыру жаңа бизнес бастамаларды қолдауға, жұмыс істейтін кәсіпорындарды жаңғыртуға және индустриялық кәсіпорындардың кадрлық әлеуетін нығайтуға бағытталатын болады. Пилоттық кезеңді іске асыру нәтижелері бойынша Бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ қосымша мемлекеттік қолдау шаралары енгізілуі мүмкін.

2012 – 2014 жылдары Бағдарламаны іске асыру жаңа бизнес бастамаларды қолдауға және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғыртуға және индустриялық кәсіпорындардың кадрлық әлеуетін нығайтуға бағытталатын болады.

2 кезең – 2015 – 2020 жылдар.

2015 – 2020 жылдары Бағдарламаны іске асыру бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғыртуға бағытталатын болады.

7. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 2011 жылы 15 764 910 мың теңге, 2012 жылы – 10 133 367 мың теңге, 2013 жылы – 134 050 мың теңге, 2014 жылы – 126 670 мың теңге, 2015 жылы – 697 311 мың теңге, 2016 жылы – 697 311 мың теңге, 2017 жылы – 697 311, 2018 жылы – 697 311, 2019 жылы – 697 311, 2020 жылы – 697 311 мың теңге көзделеді.

Бағдарламаны одан әрі қаржыландыру тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат, сондай-ақ мемлекеттік қолдаудың жекелеген құралдары бойынша тартылған сыртқы қарыздар шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

8. «Өнімділік 2020» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Оның ішінде жылдар бойынша			
						2011 жыл (іс жүзінде)	2012 жыл (іс жүзінде)	2013 жыл (іс жүзінде)	2014 жыл (іс жүзінде)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Максат – Еңбек өнімділігін арттыру арқылы экономиканың басым секторларындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың									
	1-нысаналы индикатор. Бағдарлама шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алған кәсіпорындарда еңбек өнімділігін ұлғайту	%	2011-2020		«ҚДБ-Лизинг» АҚ (келісім бойынша)	-	-	-	-
	2-нысаналы индикатор. Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алған кәсіпорындар қуатының орташа жүктелуін ұлғайту	%	2011-2014		«ҚДБ-Лизинг» АҚ (келісім бойынша)	-	-	-	70
	3-нысаналы индикатор. Инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау	бірл.	2011-2020		«ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)	26	25	13	8
	4-нысаналы индикатор.	бірл.	2015-2020			-	-	-	-

	Кәсіпорын құзыретін арттыру				«ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)				
	5-нысаналы индикатор. Технологиялық процестерді жетілдіру	бірл.	2015-2020		«ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)	-	-	-	-
	6-нысаналы индикатор. Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру	бірл.	2015-2020		«ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)	-	-	-	-
	7-нысаналы индикатор. Аумақтық кластерлер құру және оларға мемлекеттік қолдау көрсету	бірл.	2015-2020		ИДМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)	-	-	-	-
1-Міндет. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту (техникалық қайта жарақтандыру) және бәсекеге қабілетті жа									
	1-нәтиже көрсеткіші. «Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну» құралы шеңберінде еңбек өнімділігін кемінде 1,5 есеге ұлғайтқан кәсіпорындар саны	бірл.	2011-2020		«ҚДБ-Лизинг» АҚ (келісім бойынша)	3	3	3	3
	2-нәтиже көрсеткіші. «Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну» құралы шеңберінде кәсіпорындар қуатының орташа жүктелуін 70%-ға дейін ұлғайтқан кәсіпорындар саны	бірл.	2011-2014		«ҚДБ-Лизинг» АҚ (келісім бойынша)	-	-	-	-
1.	Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну	мың теңге	2011-2020	шарт	«ҚДБ-Лизинг» АҚ (келісім бойынша)	10 000 000	15 000 000	-	-
2-міндет. Кәсіпкерлік субъектілерін сервистік қолдау									
	1-нәтиже көрсеткіші. Қажетті экономикалық, техникалық, басқарушылық және	бірл.	2011-2020		«ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)	26	25	13	8

4.	Ақпараттық-насихат жұмысын жүргізу	мың теңге	2015-2020	ИДМ-ге ақпарат	«ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)				
5.	Мемлекеттік қолдау ұсыну	мың теңге	2015-2020	шарт	ИДМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)	280 00	300 00	180 50	115 00

3-міндет. Кластерлік бастамалардың дамуын қолдау

1.	1-нәтиже көрсеткіші. Отандық өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған технологиялық тізбектерді жасау және жергілікті ету, бірлестіру, интеграцияны дамыту және инновациялық дамуды жеделдету	бірл. (аумақтық кластерлер саны)	2015-2020	ИДМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)					
1.	Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру бойынша мемлекеттік қолдау ұсыну	мың теңге	2015	шарт	ИДМ, «ҚИДИ» АҚ (келісім бойынша)				

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
ИДМ – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
РБ – республикалық бюджет
«ҚДБ-Лизинг» АҚ – «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы
«ҚДБ-Лизинг» акционерлік қоғамы
«ҚИДИ» АҚ – «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік қоғамы.

«Өнімділік 2020» бағдарламасына қосымша

Өтінім берушілер үшін экономиканың басым секторларының тізбесі

Экономикалық қызметтің жалпы жіктеушінің коды	Атауы
1	2
Агроөнеркәсіптік кешен	
10	Тамақ өнімдерін өндіру
11.07	Минералды сулар мен басқа да алкогольсіз сусындар өндіру
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	
09	Тау-кен өндіру өнеркәсібі саласындағы техникалық көрсетілген қызметтер

09.1	Мұнай және табиғи газды өндіру саласындағы техникалық қызметтер
09.10	Мұнай және табиғи газды өндіру кезіндегі техникалық қолдау
09.9	Тау-кен өндіру өнеркәсібінің және жерасты жұмыстарының өзге де салалары үшін техникалық қолдау
Жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібі	
13	Тоқыма бұйымдарын шығару
14	Киім шығару
15	Тері және оған жататын өнімдер шығару
16	Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын шығару, сабаннан және өруге арнап материалдардан бұйымдар шығару
17	Қағаз және қағаз өнімдерін шығару
31	Жиһаз жасау
Химия және фармацевтика өнеркәсібі	
19.20	Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру
20	Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру
21	Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндіру
22	Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру Құрылыс материалдары мен өзге де металл минералды өнімдер өндіру
Құрылыс материалдары мен өзге де металл емес минералды өнімдер өндіру	
23	Өзге де металл емес минералды өнімдер өндіру Металлургия, металл өңдеу, машина жасау
Металлургия, металл өңдеу, машина жасау	
24	Металлургия өнеркәсібі
25	Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл өнімдерін жасау
26	Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер жасау
27	Электр жабдықтарын жасау
28	Басқа санаттарға қосылмаған машиналар мен жабдықтар жасау
29	Автокөлік құралдарын, трейлерлер және жартылай тіркемелер жасау
30	Өзге де көлік құралдарын жасау
33	Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату
33.1	Дайын металл бұйымдарын, машиналар мен жабдықтарды жөндеу
33.2	Өнеркәсіптік техника мен жабдықтарды монтаждау Өнеркәсіптің басқа секторлары
Өнеркәсіптің басқа секторлары	
32	Өзге дайын бұйымдар жасау
35.11	Электр энергиясын өндіру
38.21	Қауіпті емес қалдықтарды өңдеу және жою
38.32	Сұрыпталған материалдарды кәдеге жарату Көлік және қоймаға қою
Көлік және қоймаға қою	
50	Су көлігі
51	Әуе көлігі
52	Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі Ақпарат және байланыс
Ақпарат және байланыс	
61	Байланыс

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК